

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 3 сәуірдегі N 3895 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 8 сәуірдегі N 298

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңын және "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1998 жылдың сәуір-маусымында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 3 сәуірдегі N 3895 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстар мен Ақмола және Алматы қалаларының әкімдері:

Шақыру комиссиясының жұмысын ұйымдастырсын және 1998 жылдың сәуір-маусымында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды қамтамасыз етсін;

темір жол стансаларында, әскерге шақырылушылардың жас легін жинау және әскерге жөнелту орындарында күшейтілген кезекшілік белгілесін;
командаларды жинау және қызмет атқару орындарына жөнелту мен алып баруды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі әскерге шақыру пункттерін медициналық қамтамасыз етуді, сондай-ақ шақырылғандарға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өтініші бойынша мерзімді әскери қызметтен запасқа шығарылған және әскери қызметке шақырылған азаматтарды тасымалдауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі әскерге шақырылған жастардың арасында "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын сақтау және Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 3 сәуірдегі N 3895 Жарлығының талаптарын орындау жөніндегі түсіндіру және алдын алу жұмыстарын жандандырсын.

5. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруға дайындалу мен оның жүргізілуін көрсетсін, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында

қызмет өткеруді кеңінен түсіндірсін, азаматтардың өздерінің конституциялық борышын орындауы жөнінде насихат жұмыстарын жүргізсін.

6. Некеде тұратын және бір баласы бар әскерге шақырылушыларға мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға рұқсат берілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - М и н и с т р і

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК